

Қожаева Айгерім Романқызының 8D09101- «Ветеринарлық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жайық популяциясы киіктерінің ценурозы мен мониезиозының клиникалық-патоморфологиялық аспектілері» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>8D09101- «Ветеринарлық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Қожаева Айгерім Романқызының жазылған диссертациялық жұмысы ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>Ғылыми жұмыс мемлекеттік бюджеттен қаржыландыратын АР09260294 «Орал популяциясы киіктерінің гельминтоздарын (ценуроз, мониезиоз және эхинококкоз) диагностикалаудың кешенді әдістері, алдын алу іс-шараларының алгоритмін әзірлеу» (2021-2023 жж.) жобасы аясында орындалған.</p>
2.	Ғылымға	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/	Докторанттың орындаған ғылыми жұмысы

	маңыздылығы	қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	ветеринария ғылымының дамуына үлес қосады. Алғаш рет Жайық популяциясы киіктерінің ценурозы мен мониезиозының клиникалық, патологиялық анатомиялық және гистологиялық ерекшеліктері зерттелген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Өзі жазу деңгейі жоғары. Жайық популяциясы киіктерінің ценурозбен және мониезиозбен ауырған жануарлардың ішкі мүшелері мен ұлпаларын гистологиялық зерттеп, патологиялық морфологиялық өзгерістер зерттеу нәтижесінің негізін құрайды.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Жайық популяциясы киіктерінің ценурозы мен мониезиозын дер кезінде анықтау, бұл аурулардың таралуын шектеудің маңызы зор. Осыған орай, диссертациялық жұмыста киіктердің ценурозы мен мониезиозын клиникалық, патологиялық анатомиялық және гистологиялық зерттеу – жоғарыда көрсетілген мәселені шешудің негізгі жолы ретінде қарастырылып, диссертацияның өзектілігін толықтай сипаттап отыр.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны оның тақырыбын айқындап отыр.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді;	Ғылыми зерттеудің негізгі мақсаты Жайық популяциясы киіктерінің ценурозы мен мониезиозының клиникалық-патоморфологиялық

		<p>2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>өзгерістерін зерттеу. Осы мақсатқа жету үшін анықталған міндеттер, диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың «Кіріспе», «Әдебиеттерге шолу», «Өзіндік зерттеулер», «Зерттеу нәтижелерін бағалау және талдау», «Қорытынды», «Ұсыныстар» атты тараулары және оның бөлімдері бір-бірімен ұштасып, бір логикалық жүйеге жинақталып, өзара толық байланысқан және ғылыми еңбектің міндеттерін шешіп, мақсатына жетуге бағытталған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Жайық популяциясы киіктерінің ценурозы мен мониезиозының клиникасын, патологиялық анатомиясын, гистологиясын зерттеу нәтижелері сыни түрде талданған. Ізденуші өзінің жұмыстарының нәтижелерін басқа зерттеушілердің жұмыстарында жарияланған деректерді салыстыра отырып баға берген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа</p>	<p>Диссертацияның нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа. Диссертация жұмысы бойынша пайдалы модельге № 8832 патент алынған.</p> <p>Диссертациялық жұмыста атқарылған зерттеулердің</p>

		болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	нәтижелерінің қорытындылары жаңа болып табылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық шешімдер толығымен жаңа және Жайық популяциясы киіктерінің ценурозы мен мониеззиозын клиникалық, патологиялық анатомиялық және гистологиялық зерттеулердің нәтижелерімен негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары нәтижелерімен, дәлелдемелермен ғылыми тұрғыда негізделген. Ғылыми-әдістемелік деңгейі заман талабына сай.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма?	7.1 Ізденушінің диссертациялық жұмысының нәтижесінде қағидат. Тиісті зерттеу нәтижелдерімен дәлелденген, оны жарияланған жұмыстарынан көруге болады. 7.2 Диссертациялық жұмыста тривиальдік элементтері жоқ. 7.3 Негізгі қорғалатын ережелер жаңа болып табылады.

		<p>1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>7.4 Қолдану деңгейі кең; 7.5 Қорғауға ұсынылған негізгі ережелер жарияланған мақалаларда дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент</p>	<p>Ия. Методикалық тұрғыдан қарағанда алға қойылған мақсатқа жету үшін ізденуші әдістемелерді дұрыс таңдап алған және әрбір әдіске тиісті сілтемелер келтірілген. Демек, ғылыми нәтижелердің сенімділік дәрежесі сенімді деңгейде.</p> <p>Ия. Диссертациялық жұмыс компьютерлік технологияларды қолдана отырып, 13 кесте, 45 суретпен безендіріліп сипатталған. Сандық мәліметтер өңделген.</p> <p>Ия. Диссертацияның қорытындылары өзара байланысқан және олар клиникалық - патоморфологиялық зерттеулермен негізделген және дәлелденген.</p>

		негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыстағы берілген маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді, олар отандық, алыс және жақын шет елдік ғалымдардың ғылыми жұмыстарына сілтемелер жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Ізденуші диссертациялық жұмысында 147 ғылыми еңбектерді қолданған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Диссертациялық жұмыстың мазмұнында теориялық маңызы бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Ізденуші жүргізген зерттеулер нәтижелері ауқымды, жұмыстың практикалық маңызы бар.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертанттың құрастырған практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен;	Академиялық жазу сапасы - жоғары. Ізденушінің ғылыми зерттеу жұмыстары диссертацияда жалпы талаптарға сай келеді.

		4) төмен.	
11	Диссертацияға ескертулер		<p>Диссертацияның құндылығын, деңгейін және сапасын төмендетпейтін орфографиялық қателік кездеседі.</p> <p>Тоқталатын болсам:</p> <p>Диссертацияның 18 суретінде, ценуроз көпіршігінің гистологиялық кесіндісін суреттеу кезіндегі анатомиялық терминдегі орфографиялық қателік. Яғни: «ценуроз көпіршігі қабырғасының қабаттары – ішкі эозинофильді және сыртқы борпылдақ» сөйлемде орфографиялық бір қателік бар. Дұрысы «ценуроз көпіршігі қабырғасының қабаттары – ішкі эозинофилді және сыртқы борпылдақ».</p>
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу		<p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейінің мазмұны, құрылымы мен сапасы талаптарға сай жазылған. Барлығы 16 ғылыми мақалары ғылыми жұмыстың жоғары деңгейі мен ғылыми өзіндік көзқарасты көрсетіп айқындайды.</p>

	тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Қожаева Айгерім Романқызының «Жайық популяциясы киіктерінің ценурозы мен мониезиозының клиникалық-патоморфологиялық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны камтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәреже беру» қағидаларының 2-тармағында көрсетілген диссертациялық талаптарына толық сәйкес келеді деп есептеймін және 8D09101- «Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді ұсынамын.

Ресми рецензент,
«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ,
фармакология және жануарлар патологиясы кафедрасының профессоры,
ветеринария ғылымдарының кандидаты:

А.З.Мауланов

РАСТАЙМЫН
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу жұмыс және іс жүргізу
университетінің ғылыми кеңесінің хатшысы бақармасы»

«11» 10 2024 ж.